

Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Түркістан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2023 жылғы 11 тамыздағы № 5/26 -VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабының 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қагидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24212 болып тіркелген) бүйріғына және Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдіstemесін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) бүйріғына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Түркістан қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнін кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат төрағасы

F.A. Сарсенбаев

Түркістан қалалық мәслихатының

2023 жылғы 11 тамыздағы

№ 5/26-VIII шешіміне 1 қосымша

Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Жылдық есептік нормалары, м ³
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	0,6
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,77
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, карттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1

3	Конақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,702
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,399
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,2
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,02
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 окушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көніл көтеретін ғимараттар және коғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,5
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратын орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м ²	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	1
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,4
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,958
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1 м ²	0,5
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м ²	0,65
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м ²	0,02
18	Тұрмыстық қызмет корсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м ²	
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м ²	0,5

20	Жағажайлар, жолдардан көше сметалары	Жалпы алаңы 1 м2	
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,4
22	Автотұрактар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	1,4
23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,85
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,2
26	Kір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,4
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,46
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмыс орны	0,5
29	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,7
30	Қала аумағында жаппай іс-шаралар үйімдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	
31	Бау-баша кооперативтері	1 участке	

Түркістан қалалық мәслихатының
2023 жылғы 11 тамыздағы
№ 5/26-VIII шешіміне 2 қосымша

Түркістан қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Тенге (Қосылған құн салығынсыз)
Жайлы үйлер	айна 1 тұрғыннан	179,30
Жайлы емес үйлер	айна 1 тұрғыннан	227,80
Жылдық тариф бірлігіне (көлемі)	1 м3	3572,33

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК